

**«Қазақстанның орнықты экономикалық  
өсуіне қол жеткізу үшін инвестициялардың  
оңтайлы деңгейі» тақырыбы бойынша  
зерттеу нәтижелеріне  
Аннотация**

**Зерттеу мақсаты** – эндогенді және экзогенді факторлардың ықпалын ескере отырып, эконометриялық модель негізінде Қазақстанның тұрақты ұзақмерзімді экономикалық өсуіне қол жеткізу үшін инвестициялардың оңтайлы деңгейін анықтау. Зерттеу тобы инвестициялардың экономикалық өсімге әсерін бағалаудың отандық және шетелдік тәсілдерін талқылады. Жұмыс аясында жеке сектор және жалпы ел деңгейінде инвестициялардың оңтайлы деңгейі есептелінді, секторлық инвестициялардың тиімділігі бағаланып, олардың көлемі мен тиімділігіне әсер ететін негізгі факторлар айқындалды. Негізгі капитал мен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТКЖ) жұмсалған инвестицияларға динамикалық, құрылымдық және салыстырмалы талдау жүргізілді, олардың жалпы ішкі өнімге (ЖІӨ) қатынасы және экономикалық өсім қарқынына байланысы бағаланды. Сонымен қатар негізгі капиталға және ҒЗТКЖ-ға салынған инвестициялар мен ЖІӨ өсім қарқыны арасындағы өзара байланыстар айқындалды.

**Міндеттер:**

- 1) Тұрақты ұзақмерзімді экономикалық өсуге қол жеткізу үшін инвестициялардың оңтайлы деңгейін бағалау жөнінде қолданыстағы зерттеулер мен тәжірибелерге жүйелі талдау жүргізу – бұл міндет аясында халықаралық және отандық тәжірибеде пайдаланылатын ғылыми тұжырымдамалар мен модельдерді шолу, талдау және жүйелеу арқылы инвестициялық ресурстардың оңтайлы көлемін анықтаудың негізгі тәсілдері қарастыру;
- 2) Ұзақмерзімді экономикалық өсуге қол жеткізу мақсатында инвестициялардың оңтайлы деңгейін бағалау саласында теориялық және әдістемелік зерттеу жүргізу;
- 3) Инвестициялардың оңтайлы деңгейін айқындау мен экономикалық өсуді қамтамасыз ететін экономикалық-математикалық модельдеу жүргізу;
- 4) Есептелген инвестициялардың оңтайлы деңгейі ең жоғары қайтарым мен сапалы экономикалық өсуді қамтамасыз ететін жағдайларды анықтау;
- 5) Қазақстан экономикасы салаларына инвестицияны тарту жөнінде ұсынымдарды әзірлеу.

**Зерттеу нысаны** – Қазақстан жалпы және оның жеке салалары бойынша инвестициялық нарық.

**Зерттеудің әдістемелік, теориялық және эмпирикалық негізі.** Статистикалық және эконометриялық модельдер әдістеріне (ARDL, VAR, ЕСМ, квадраттық регрессиялық модельдер) сүйене отырып, инвестициялардың оңтайлы деңгейін бағалау, жеке секторлар бойынша инвестициялардың тиімділігін анықтау, Қазақстанның инвестициялық климатына әсер ететін факторларды талдау, сондай-ақ негізгі капиталға және ҒЗТКЖ-ға салынған инвестициялар мен экономикалық өсім арасындағы өзара байланыстарды зерттеу.

### **Зерттеу нәтижелері бойынша қысқа қорытындылар:**

– 1989–2025 жылдар аралығында халықаралық **Scopus** дерекқорындағы осы тақырыпқа арналған ғылыми жарияланымдар талданды. Талдау нәтижесі инвестициялардың экономикалық дамуына ықпалы тақырыбы бойынша зерттеушілердің қызығушылығы аталған кезеңде едәуір артқанын көрсетеді.

– 2000–2024 жылдар аралығындағы Қазақстандағы негізгі капиталға салынған инвестициялардың серпіні мен құрылымына жүргізілген талдау номиналды көлемнің ұлғайғанына қарамастан, инвестициялардың ЖІӨ-дегі үлесі төмендегенін көрсетті. Инвестициялардың өсу қарқыны номиналды ЖІӨ өсімінен артта қалып отыр. Негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлеміне 2008–2009 жылдардағы әлемдік қаржы дағдарысы мен COVID-19 пандемиясы айтарлықтай әсер етті.

– Динамикалық талдау нәтижелері бойынша ҒЗТКЖ-ға бағытталған инвестициялар экономикалық өсімге бір жылдық уақытша кідіріспен (лагпен) оң әсер ететіні анықталды.

– Сауалнама нәтижелері кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігіне қаржылық жағдай, инфляция деңгейі, несиелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің ағымдағы деңгейі, ұлттық валютаның айырбас бағамының құбылмалылығы, экономикалық құлдырау, жаһандық дағдарыстар және мемлекеттік саясат сияқты факторлар әсер ететінін көрсетті.

– ARDL моделіне негізделген қорытындылар бойынша экономикалық өсімге өңдеу өнеркәсібіне (әсері 1 жылдық лагпен байқалады), сауда саласына (1 жылдық лагпен), сондай-ақ ақпарат және байланыс саласына бағытталған инвестициялар (әсері сол тоқсанда бірден байқалады) оң ықпал етеді.

– Бағалау нәтижелері бойынша, егер инфляция деңгейі 8,26%-дан аспаса, несиелер бойынша пайыздық мөлшерлеме жылына 14%-дан жоғары

болмаса, ал еңбек өнімділігі 3,72-ден төмен болмаса, онда инвестициялардың ЖІӨ-дегі оңтайлы үлесі 25,88% болған жағдайда экономикалық өсім 6,13% деңгейінде болады.

– Кластерлік талдау нәтижесінде инвестициялардың тиімділігі жоғары (өнім мен инвестиция арақатынасы көрсеткіші бойынша) және экономиканың жалпы өсуіне айтарлықтай үлес қосатын, бірақ инвестициялар үлесі салыстырмалы түрде аз салалар анықталды. Талдау қорытындысы бойынша, инвестициялық тиімділігі төмен әрі ЖІӨ-дегі үлесі мардымсыз салаларға коммуналдық қызметтер, көлік және қоймалау, сондай-ақ ақпарат пен байланыс салалары жатады. Ал инвестициялық тиімділігі жоғары, бірақ инвестициялар көлеміндегі үлесі төмен салалар ретінде сауда, өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы және құрылыс салалары айқындалды.

#### **Зерттеу тобы**

Зерттеу жетекшісі – **Қурманалина Анар Қайратовна**, экономика ғылымдарының кандидаты, экономика саласындағы сарапшы, «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ.

Негізгі орындаушы – **Ақбаев Ерболсын Тұрсынович**, экономика ғылымдарының кандидаты, «Экономика» мамандығы бойынша қауымдастырылған профессор.

Негізгі орындаушы – **Калкабаева Гаухар Муратовна**, экономика ғылымдарының кандидаты, «Қаржы» кафедрасының профессоры.

Негізгі орындаушы – **Атабаева Әсия Кайрошовна**, Ph.D, «Бухгалтерлік есеп және аудит» кафедрасының меңгерушісі.

Негізгі орындаушы – **Ламбекова Айгерім Нурлановна**, Ph.D, «Бухгалтерлік есеп және аудит» кафедрасының қауымдастырылған профессоры.

Негізгі орындаушы – **Абаев Айдос Абаевич**, Ph.D, «Қаржы» кафедрасының қауымдастырылған профессоры.

Негізгі орындаушы – **Мыржықбаева Айнур Бейсенқызы**, экономика ғылымдарының кандидаты, «Қаржы» кафедрасының қауымдастырылған профессоры.

Негізгі орындаушы – **Бердіходжаева Мейрамгүл Сайлауовна**, «Бухгалтерлік есеп және аудит» кафедрасының аға оқытушысы.

**Зерттеу нәтижелері бойынша жетекші орындаушылардың жарияланымдары туралы ақпарат:** жұмыс нәтижелері бойынша алты мақала жарияланды, олардың бесеуі – КОКСНВО дерекқорына кіретін басылымдарда, ал біреуі – Scopus базасында индекстелетін журналда жарияланды<sup>1</sup>. Зерттеу материалдары сондай-ақ «Esil University» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында және Назарбаев Университеті ұйымдастырған «Central Asian Economics Conference» конференциясында ұсынылды.

---

<sup>1</sup> Жарияланымдар тізімі Қосымшада келтірілген.

## Зерттеу тақырыбы бойынша жарияланымдар

№	Мақала атауы	Журнал	База данных	Год
1	Investments in fixed assets: contribution to the economic growth of Kazakhstan	Вестник Казахского университета экономики, финансов и международной торговли, Серия Экономика №2 (55) 2024, Esil University, с. 92–99. <a href="https://doi.org/10.52260/2304-7216.2024.2(55).11">https://doi.org/10.52260/2304-7216.2024.2(55).11</a>	КОКШВО	2024
2	Estimation of the impact of investment in fixed assets and employment on GDP using the Cobb-Douglas function	Экономическая серия Вестника ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, №3, 2024 г., с. 163 – 175. DOI: <a href="https://doi.org/10.32523/2789-4320-2024-3-163-175">https://doi.org/10.32523/2789-4320-2024-3-163-175</a>	КОКШВО	2024
3	Utilizing Investment in Fixed Assets and R&D as a Catalyst for Boosting Productivity to Stimulate Economic Growth	Economies 2024, 12, 266. pp.1-24. <a href="https://doi.org/10.3390/economies12100266">https://doi.org/10.3390/economies12100266</a> <a href="https://www.mdpi.com/2227-7099/12/10/266">https://www.mdpi.com/2227-7099/12/10/266</a>	Scopus	2024
4	Инвестиционная политика Казахстана: анализ и перспективы	Международная научно-практическая конференция.– Астана: ИПЦ «Esil University», 2024. с.357-361. <a href="https://esil.edu.kz/collection-of-materials-of-the-faculty-conferences/">https://esil.edu.kz/collection-of-materials-of-the-faculty-conferences/</a>	конференция	2024
5	Взаимосвязь прямых иностранных инвестиций и экономического роста: библиометрический анализ	Bulletin of the Karaganda University, Economy Series. 2024. Volume 29. Issue 3(115). DOI: <a href="https://doi.org/10.31489/2024Ec3/213-220">https://doi.org/10.31489/2024Ec3/213-220</a>	КОКШВО	2024
6	Modeling Sectoral Investments, Output and Costs Using VAR Models	Bulletin of the Karaganda University, Economy Series. 2024. Volume 29. Issue 4(116). DOI: <a href="https://doi.org/10.31489/2024ec4/69-78">https://doi.org/10.31489/2024ec4/69-78</a>	КОКШВО	2024
7	Impact of key factors on investment inflows into Kazakhstan's economy: a sociological survey approach	Журнал Вестник РОО «НАН РК», № 2 (414), март-апрель Алматы 2025. С. 453-466. <a href="https://doi.org/10.32014/2025.2518-1467.937">https://doi.org/10.32014/2025.2518-1467.937</a>	КОКШВО	2025